

ҰШУ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Мен - «Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ президенті, халықаралық Алматы әуежайында қауіпсіз және үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету үшін жауап беремін.

Дегенмен, әуежайдың әрбір қызметкері ұшу қауіпсіздігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін жауап береді.

Әуежайдың барлық деңгейдегі басшылығы, барлық қызметкерлері, пайдаланушылары мен мердігерлері «Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ қауіпсіздік саясатын іске асыруға тең дәрежеде жауапты.


«Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ өзіне келесі міндеттемелерді алады:

- ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша әрбір қызметкердің жауапкершілігі мен міндетін нақты айқындауға, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігін басқару барлық басшылар мен қызметкерлердің басты міндеті және жауапкершілігі болуы үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті;
- ұшу қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдерді қолайлы деңгейге дейін төмендету мақсатында қолданыстағы барлық құқықтық және нормативтік талаптар мен стандарттарды сақтауға міндетті;
- барлық қажетті ресурстарды (қаржылық, адами, ақпараттық, техникалық және т. б.) бөлу арқылы ұшу қауіпсіздігін басқару тиімділігін арттыруға бағытталған;
- барлық қызметкерлерге ұшу қауіпсіздігі бойынша барабар және тиісті ақпарат беруге, сондай-ақ орындалатын міндеттерге сәйкес келетін ұшу қауіпсіздігі мәселелеріндегі құзыреттілікті қамтамасыз ету үшін тиісті даярлыққа кепілдік беруге міндетті;
- қауіпті факторлар туралы деректерді ұсыну жүйесін қоса алғанда, қауіпті факторларды уақтылы анықтау, сондай-ақ басқарудың ден қоятын, белсенді және болжамды әдістерін пайдалана отырып, тәуекелдерді қолайлы деңгейге дейін төмендету мақсатында әуежайдың барлық қызметкерлерінің күнделікті жұмыс практикасына тәуекелдерді басқаруды енгізу;
- қауіпсіздік проблемалары туралы хабарлаған кез келген қызметкерге қатысты, егер мұндай хабарлама құқыққа қарсы әрекеттерді, өрескел немқұрайлылықты немесе қағидаларды немесе рәсімдерді қасақана немесе қасақана бұзуды негізсіз көрсеткен жағдайларды қоспағанда, тәртіптік шаралар мен айыппұл санкцияларын қолданбауға тиіс;
- қызметкерлер арасында ұшу қауіпсіздігі саясатын белсенді түрде жүргізу және оған адалдық танытуды көрсету.

Президент


Эрсой Алып Эр Тунга

24.09.2021 ж.


Билгалиев Г.К.